

Талдықорған және Торғай облыстық соттарын тарату, кейбір аудандық соттарды тарату, құру және қайта атауы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 4 мамыр N 3484

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694

U952694_

Конституциялық заң күші бар Жарлығының 15-бабының 1 тармағына, 10-бабының 1 тармағына сәйкес және Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысындағы кейбір өзгерістерге байланысты қаулы етемін:

1. Мыналар таратылсын:

Талдықорған және Торғай облыстық соттары;

Қарағанды қаласының Железнодорожный аудандық соты;

Солтүстік Қазақстан облысының Москва және Соколов аудандық соттары;

Оңтүстік Қазақстан облысының Асықата, Жетісай, Келес, Мақтаарал, Сарыағаш және Түркістан аудандық соттары.

2. Мыналар құрылсын:

Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал және Сарыағаш аудандық соттары.

3. Мыналар:

Солтүстік Қазақстан облысының Баскөл аудандық соты Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық соты;

Солтүстік Қазақстан облысының Ленин аудандық соты Солтүстік Қазақстан облысының Есіл аудандық соты болып қайта аталсын.

4. Ақмола, Алматы және Қостанай облыстары шекарасының өзгеруіне байланысты:

Ақмола облысына;

таратылған Торғай облысының Державин, Жақсы, Жаңадала, Есіл және Қима аудандық соттары;

Алматы облысына:

таратылған Талдықорған облысының аудандық және қалалық соттары;

Қостанай облысына:

таратылған Торғай облысының Арқалық қалалық соты, Арқалық, Амантоғай, Амангелді, Жангелдин және Октябрь аудандық соттары жатқызылсын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті